

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 6 (858) 4 ақпан 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany

tayynshatany.wixsite.com/website

tainsha_tan@list.ru

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың
«Хабар» телеарнасына берген сұхбаты

Қ. ТОҚАЕВ: АЗАМАТТАРЫМЫЗДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ БҰЗЫЛМАЙДЫ

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, уақыт бөліп, қазақстандық БАҚ өкілі ретінде маған сұхбат беруге келіскеніңіз үшін Сізге көп рахмет. Өйткені, мен Ақордаға сирек келетін, арнайы пұлдың құрамына кірмейтін журналистпін. Соған қарамастан, осындай мүмкіндікке ие болып отырмын. Бұл үшін алғысым шексіз....

– Шын мәнінде, кейінгі кезде сұхбат алу жөнінде маған отандық және шетелдік телекомпаниялардан көп өтініштер түсіп жатыр. Олардың бәрінен бас тарттым. Тек «Хабар» телеарнасына, соның ішінде президенттік пұлға кірмесеңіз де, Сізге ғана мүмкіндік беріп отырмын. Кәсіби мамансыз. Бүгін өте тұшымды әңгіме болады деп сенемін.

– Бүгін, шын мәнінде, тарихи сәт. Себебі бәрімізді әлі де алаңдатып отырған қасіретті қаңтар оқиғасынан кейін алғаш рет отандық БАҚ өкіліне сұхбат бергілі отырсыз. «Енді не болады» деген қобалжу да бар. Мен сол оқиғалар кезінде өзімнің сүйікті қалам – Алматыда, демалыста едім. Яғни, болған оқиғаның бәрін өз көзіммен көрдім десем де болады. Расында, терезенің арғы жағында жарылған граната ма әлде «Калашниковтың» кезекті оқ жаудыруы ма айыра алмадық. Бәріміз бұл сұмдықтың тезірек аяқталуын тіледік. Сол оқиғалардан кейін біраз уақыт өтсе де, көпшіліктің көкейінде көп сұрақ қалды. Әркім әртүрлі айтып, сан-саққа жүгіртеді. Бұл, шын мәнінде, бұзақылыққа ұласып, бақылаусыз кеткен бейбіт шеру ме әлде алдын ала жоспарланған мемлекеттік төңкеріс пе? Шын мәнінде не болды?

– Бұл – алдын ала жоспарланған қастандық әрекет. Наразылықтар бейбіт митингілерден басталып, соңы бұзақылыққа, тонаушылыққа ұласты. Осы оқиғалар – кәсіби адамдардың ойластырған және солардың жүзеге асырған жымсықы операциясы. Әуелі жұртшылық бейбіт митингке шықты. Демонстранттарға қарсы күш қолданылған жоқ, қолданылуы да мүмкін емес еді. Келесі лекпен олардың орнына жәй ғана бұзақылық істеп, полиция қызметкерлеріне сес көрсетіп, тас лақтырып жүрген жастар келді. Артынша үшінші толқын жалғасты. Бұлар арнаулы дайындықтан өткен кәдімгі кәсіби лаңкестер басқарған тонаушылар, кісі өлтірушілер, зорлық жасаушылар еді. Содырлар күштік органдар ғимараттарының орналасқан жерін өте жақсы білген және сол нысандарға шабуыл жасалды. Лаңкестерді материалдық құндылықтар қызықтырған жоқ, оларға қылмыстық істер, құқық қорғау қызметкерлерінің жеке құжаттары керек болған. Яғни, бұның өте мұқият ойластырылған, шетелдік содырлар жалданған террористік операция екені анық. Өзіңіз білесіз, олар Алматының әуежайына шабуыл жасады. Қазір тергеу амалдары барысында әуежайды Орталық Азиядағы қалалардың бірінен ұшып келген адамдарды күтіп алу үшін әдейі басып алғаны анықталып жатыр. Сырттан келгендер – арнайы дайындалған содырлар мен олардың командирлері. Лаңкестер гастарбайтерлер ретінде ұшып келіп, шекаралық өткізу бекеттерінен кедергісіз өткен. Сөйтіп қалаға кіріп жоспарлы операцияларды басқарған. Кейін құқық қорғау органдары күш алып, қайыра соққы бергенде, тез арада сол Алматы әуежайы арқылы ұшып кеткен. Сондықтан тағы да қайталап айтамын, бұл – жоспарлы түрде жүргізілген операция. Олардың мақсаты – мемлекеттік институт-

тарды жою, конституциялық құрылымға нұқсан келтіру, түптеп келгенде билікті басып алу. Дегенмен, әлі де тергеу жүргізілуде. Бәрі де анықталады.

Енді, «Бұған олар қалай қол жеткізді?» деген сұрақ қойғыңыз келіп отырған шығар. Қазір біз ауқымды тергеп-тексеру жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Өкінішке қарай, дәл осындай жағдайда құқық қорғау органдарының нақты әрекет ету алгоритмі болмай шыққаны анықталды.

Мен Мемлекет басшысы ретінде командалық-штабтық, әскери бірнеше оқу-жаттығу жиынына қатыстым. Бұл жаттығулар шынайы жағдайлар, соның ішінде Алматыда болған оқиғалар кезінде ешқандай пайдаға аспады.

Біздің ұстанымымыз – демонстранттарға қарсы қару қолданбау. Полиция қызметкерлерінде атыс қаруы болған жоқ. Оларда тек дыбысты граната, көзден жас ағызатын газ және сумен атқылайтын техника ғана болды. Бірақ бұл машиналарды қолдана алмады. Себебі бұзақылар тартып алған. Ал содырлар бейбіт демонстранттарға қарсы қару қолданбау жөнінде полиция қызметкерлеріне бұйрық берілгенін білген. Қолдарында тек күрек пен сойыл ғана бар жас десанттар өте қатты зардап шекті. Бұзақылар оларды шешіндіріп, Президент резиденциясына шабуыл кезінде тірі қалқан ретінде пайдаланған. Олар әйелдерді де аямаған, тіпті ешқандай аяушылық сезім болмаған.

Тергеу барысында лаңкестердің қарулы қақтығыс кезінде есірткі тұтынғаны анықталып жатыр. Қақтығыстардың соңына қарай күштік құрылымдар қару қолданып, содырлардың аяқтарынан атқан. Сол кезде олар жараланып құласа да, ауырсынуды білмеген, тіпті сезбеген. Міне, бұл да олардың өте мұқият дайындалып келгенін көрсетеді.

Бұзақылардың көпшілігі Алматыдағы бес жұлдызды қонақ үйде жатқаны анықталды. Олардың ақшасын кім төледі? «Қазақстан» қонақ үйінің бірінші қабатында командалық штабтары орналасыпты. Қазір тергеу жүргізілуде. Бірнеше адам сұрақтарға жауап беріп жатыр. Бұрын, тіпті, ойға келмеген деректер ашылуда.

– Осы мемлекеттік төңкеріс жасау әрекетінің артында кім тұр деп ойлайсыз?

– Оны тергеу анықтайды. Алдын ала ештеңе айтқым келмейді және оным дұрыс болмайды. Әлі атқаратын жұмыс көп. Бір айта кетерлігі, содырлар мен олардың командирлерінің көпшілігі Алматыдан кетіп үлгерген. Бірі ауыл-аймаққа, енді бірі шекарадан өтіп көрші елдерге қашты. Тағы біреулері бет әлпетін өзгертіп бұғып қалды. Сақал-мұртын қырып, сыртқы келбетін өзгертіп ел ішінде жүргендері де бар. Оларды тұтқындаса, «біз жәй өтіп бара жатқан едік» деп байбалам салып жатыр. Олай болмайды. Алматыдағы тәртіпсіздіктердің ауқымын өзіңіз көрдіңіз. Ал жеме-жемге келгенде бәрі де жәй жүргінші боп шыға келеді. Әрине, азаматтарды заңсыз ұстау, оларға күш қолдану деректерінің бәрі тексеріледі. Бұл мәселелерге мұқият қарау керек.

– Әрине, мұның бәрін тексерген жөн. Бірақ қазір құқық қорғау органдарының іс-әрекеттеріне қатысты көп сын айтылып жатыр. Сіз оған назар аударып, Бас прокуратураға тапсырма бердіңіз. Дегенмен,

әлеуметтік желілерде бейбіт тұрғындарды ұрып-соғып, азаптайды деген жазбалар «желдей есіп» тұр.

– Ондай арыз-шағымдарда асыра сілтеп жібергендер де бар. Әрине, Алматыда болған оқиғаға байланысты алаңдаушылықтарды түсінуге болады. Сондықтан Бас прокуратураға әрбір жағдай бойынша мұқият тексеру жұмыстарын жүргізуді тапсырдым. Бұдан бөлек белгілі құқық қорғаушы, адвокат Айман Омарова бастаған Қоғамдық комиссия құрылыпты. Оны бұқаралық ақпарат құралдарынан оқып білдім. Мен бұл шешімді қолдаймын. Шын мәнінде, қайғылы оқиғалар кезінде болған жағдайларды жан-жақты тексеру үшін қоғам белсенділерін тартуымыз керек.

Адам құқығы жөніндегі омбудсмен Эльвира Әзімова мен белгілі құқық қорғаушы Жеміс Тұрмағамбетованың уақытша ұстау изоляторларына барып, ұсталғандармен кездесіп, олардың жағдайларын көріп, арыз-шағымдарын тыңдап жүргенін білемін. Бұл өте пайдалы жұмыс деп санаймын. Мен Мемлекет басшысы ретінде азаматтардың құқықтарының бұзылмауына мүдделімін. Әрбір жағдай жіті тексерілуге тиіс екенін тағы да қайталап айтамын.

– Осы іске жұртшылықтың араласқаны жақсы болған екен. Құқық қорғау органдарына қандай да бір еркіндік берілді. Қалай ойлайсыз, олар асыра сілтеп жібермей ме?

– Біз бұл мәселеде «Сцилла мен Харибданың» арасынан өткендей болуымыз керек. Ең алдымен, бейбіт азаматтар мен Алматы тұрғындарына қарсы бұзақылық әрекеттерге қатысқан адамдарды табуымыз қажет. Екіншіден, азаматтардың құқықтары бұзылмауға тиіс. Бұл әрекеттерге мыңдаған бұзақы қатысты деп жаңа айттым ғой. Енді, аяқ астынан, бәрі «кездейсоқ жүргінші» болып шыға келді. Мен полицияның заңсыз әрекеттерін ақтап отырғаным жоқ. Егер ондай жағдайлар болса, біз міндетті түрде жолын кесеміз. Ішкі істер министрі тиісті ескертпесін алды. Сондықтан мүмкіндікті пайдалана отырып, азаматтарға, Алматы тұрғындарына құқықтарының бұзылмайтынын мәлімдеймін.

– Жиырма мың террорист болды деген дерекке қатысты сұрақ көп. Олар қайдан келген?

– Біріншіден, Алматыдағы бұзақылық әрекеттер бір сағат қана болған жоқ. Полиция департаментінің ғимараты үшін жүргізілген соғыс екі түнге созылды. Полицейлер содырлардың барлық шабуылына тойтарыс берді. Екіншіден, лаңкестер полиция мен әскери қызметшілерді сан басымдығымен алды. Бұл содырлардың өте көп болғанын білдіреді. Үшіншіден, бандиттер Алматыға полиция блок бекеттері қойылған жақтан, яғни үш бағыттан келіп, талқандап кетті. Полицейлер орын ауыстырып, қайтадан алаңға жиналған. Тағы да қарусыз еді. Мәселенің мәнісі – осында. Енді келіп, бұзақылар аз болды дейді. Шын мәнінде, бұзақылар лек-легімен жүрді. Оларды басқарып жүрген біреулер болды. Бір легі барды да, тонады. Одан соң екіншісі келді.

(Жалғасы. Басы 1 бетте).

– Сіз ескертусіз оқ атуға бұйрық бердіңіз. Бұл шешім АҚШ пен Еуропадағы демократиялық қоғамдастықтың алаңдаушылығын туғызды. Мұндай қатаң шешім қабылдауға не түрткі болды?

– Жоғарыда аталған жағдай бойынша құқық қорғау органдары басшыларының нақты алгоритмі, іс-қимыл жоспары болмағанын айттым. Істің мән-жайын бағамдай алмадық. Оны ашық мойындауға тиіспін. Құқық қорғау органдарының басшылары өздеріне жауапкершілік алуға жүрексінді. Жігерсіздік танытты. Мен оларға: «Егер маршал Рокоссовский мен маршал Жуков Сталиннен әрбір іс-қимылдары туралы күнде келіп, рұқсат сұрай берсе, соғыста жеңер ме еді?» – дедім. Бұл – нағыз соғыс. Жауапкершілікті мойынға алу керек еді. Осыған орай ашық мәлімдеме жасағанға дейін қарулы содырларға қарсы оқ атуға тиіспіз деп айтқан болатынмын. Мен жауапкершілікті өз мойныма алдым. Ал өз мәлімдемемде мұны қайталадым. Өйткені жауапты адамдар жүрексінді. Дәл осындай жағдайда Мемлекет басшысы жауапкершілікті өзіне алуға тиіс деп ойлаймын. Мен кәсіби дипломатпын. Мұның салдары қандай болатынын білдім. Бірақ мен үшін мемлекеттің мүддесі, азаматтарымыздың қауіпсіздігі бәрінен де маңызды еді. Мен ол кезде Батыстың не дейтіні туралы емес, елімізде тәртіп орнатуды ғана ойладым.

– Жағдайдың шиеленіскені соншалық, Сіз Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының бітімгерлік күштерін шақырдыңыз. ҰҚШҰ-ның бітімгерлік операциясы сәтті жүзеге асырылғаннан кейін «Владимир Путинге «қарыздар» болып қалды, енді бірқатар мәселе бойынша оның талаптарына келісуге мәжбүр болады» деген пікірдің бар екені жасырын емес. Мұндай пікірлер Ресейде де, Батыста да айтылып жатыр.

– Біріншіден, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы – біздің ортақ ұйымымыз. Қазақстан – осы ұйымға мүше. 1992 жылы оны құруға атсалыстық. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев тиісті бастама көтерді. Сондықтан мен бөтен адамдардан емес, ҰҚШҰ-ны көмекке шақырдым. Демек, мен өзіме, яғни одақтастарымызға жүгіндім. Екіншіден, ҰҚШҰ бітімгерлік күштерін тарту ісі осы ұйымның келісілген құжатына сәйкес орындалды. Сондықтан бұл заңды деп санаймын. Үшіншіден, Қазақстанға келген ҰҚШҰ бітімгерлік контингенті бірде-бір оқ атқан жоқ. Бітімгерлік күштер стратегиялық нысандарды ғана күзетеді, қалған мәселені өзіміз шешеміз. Бізге тыл керек деп ең басында келісілген болатын. Төртіншіден, Қазақстанға бітімгерлік күштердің келгені туралы ақпарат психологиялық тұрғыдан маңызды рөл атқарғанын, бұзақылардың зәре-құтын қашырғанын түсінген жөн. Мұның үлкен күш екені түсінікті. Айтпақшы, бұл біріккен бітімгерлік контингент. Оның құрамында Ресейден бөлек Беларусь, Армения, Тәжікстан және Қырғызстан елдерінің әскери бөлімдері де болды. Ал енді «қарыздар» және тағы да басқа қауесеттерге келер болсақ, бұған қатысты Владимир Путинмен ешқандай әңгіме болмағанын ашық айтамын. Кремль тарапынан да алдын ала ешқандай шарттар айтылған жоқ.

Түптеп келгенде, Қазақстан үшін Ресей одақтас мемлекет. 2013 жылы Екатеринбургте тиісті шартқа қол қойылды. Айтпақшы, мен ол кезде Женевада едім. Сондықтан бұл шартты әзірлеуге қатысқаным жоқ. Онда Қазақстан мен Ресейдің одақтастық қатынастары туралы айтылған. Біздің елдеріміз арасындағы байланыстар Алматыдағы оқиғаларға дейін де әрдайым тығыз, сындарлы, әрі шын мәнінде серіктестік сипатта болды және жалғаса береді.

Мен ақпан айының ортасына қарай Ресей Президентінің шақыруымен Мәскеуге сапармен барамын. Сонда елдеріміз арасындағы ұзақмерзімді ынтымақтастыққа қатысты аса маңызды келісімге қол қоямыз.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, интернеттің қауіпсіздік мақсатында сөндірілгені түсінікті. Осы кезде жұрт ақпарат ала алмай қалды. Түрлі ақпарат тарады. Енді шын мәнінде не болғанын ежіктеп түсіндіруге мәжбүр болып отырмыз...

– Рас, біз ақпараттық тұрғыдан жеңілгенімізді мойындауымыз керек. Ешкім менің бұйрығымды да, іс-әрекетімді де толық түсіндіре алмады. Кейіннен мен өзім тікелей араласып, ана жерге барып ананы айт, мына жерге барып мынаны айт деп тапсырмалар беруге мәжбүр болдым. Яғни ақпараттық тұрғыдан жеңіліп қалдық, Сізбен келісемін. Алайда, бізде оған уақыт болған жоқ. Өтіп кеткеннен кейін

бәріміз ақылдымыз. Ол кезде біз туралы кімнің не айтатынын ойлайтын шама да болған жоқ. Мұндай жағдайда интернетті Қазақстанда ғана емес, басқа да бірқатар елде өшіреді. Себебі оны теріс пиғылды адамдар өз мақсаттарына пайдаланып кетеді. Бандиттік құрылымдардың командирлері арасында ақпараттық тұрғыдан арнайы дайындықтан өткен адамдардың болғанын атап өту керек. Демек, жалған ақпараттар легі, былайша айтқанда, фейктер үздіксіз ағылып жатты. Бұның Қазақстанға қарсы жан-жақты дайындалғандардың пайдасына жұмыс істегенін тағы да қайталап айтқым келеді.

– Тұңғыш Президентке қатысты тақырыпқа нүкте қойсақ қайтеді. Сіз бен Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың арасында қандай да бір келісім немесе уағдаластық болды ма? Өйткені, ол телеарналар арқылы үндеу жасағанға дейін Сіздердің араларыңызда оның жеке басының және отбасы мүшелерінің артықшылықтарын сақтауға қатысты мәселе саудаға салынды деген қауесет бар.

– Саудаға салу деген мәселе ешқашан болған емес. Жеке басының артықшылықтары жайлы да әңгіме қозғалған жоқ. Тек Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы мәртебесіне қатысты мәселені шұғыл шешу жөнінде әңгіме болды. Жасыратыны жоқ, жағдай ушығып кеткендіктен, мен халыққа үндеу жасап, осы сәттен бастап Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы екенімді мәлімдейтінім туралы мәселе көтердім. Бұл – сол сәтте шешілген мәселе. 28 қаңтарда «Нұр Отан» партиясының съезі өтті. Сонда мен сөз сөйлеп, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тарихи рөліне лайықты баға бердім. Бұл әділ баға деп есептеймін және алдағы уақытта халқымыз осыған тоқтайды деп үміттенемін.

– Митингтер басталған кезде көптеген танымал азамат адамдарды көшеге шығуға шақырды. Жалпы қоғамдағы түрлі жағдайларға қатысты пікір білдіріп жүретін зиялы қауым өкілдері мен танымал тұлғаларға қатысты Сіздің ойыңыз....

– Тарихтың аумалы-төкпелі сәттерінде зиялы қауымның рөлі айрықша көрінеді. Басымыздан өткен трагедияға қатысты айтар болсақ, зиялыларымыз бен медиа тұлғалар есеңгіреп қалған сияқты. Өйткені, ол кезде ахуал тез өзгеріп жатты. Бейбіт шерушілердің орнына алғашында бұзақылар, кейіннен кәсіби бандиттер келді. Осы сәтте алаңдағы арпалысты кейбіреулер түсінбеді. Мүмкін кейбір бұқаралық ақпарат құралдары бейбіт шерушілерге қатысты жазалау шаралары қолданылды деп, бәрін әдейі бұрмалап көрсеткен шығар. Ал, шын мәнінде, бұл қасіретті бастан өткерген біз іс жүзінде басқаша болғанын анық білеміз. Қазақстанға шабуыл ұйымдастырушылар алаңдағы жылдам өзгеріп жатқан аласапыранды әдейі ойластыруы мүмкін. Сөйтіп жағдайды ушықтырды. Мәселен, қалаға бандиттер кірген кезде Алматы тұрғындары олардың кімдер екенін түсінбестен, «міне жарады, көшеге шықты, билікке қарсылық танытып жатыр» деп ұрандап, қолдау көрсетті. Сол кезде қала тұрғындары содырлардың бүкіл қаланы қиратып, отқа орап кететінін білген жоқ еді.

– Енді, сүйікті қаламыз Алматы туралы айтар болсақ, қаланың Алматы, Алма-Ата атауларына қатысты әртүрлі пікір бар. Бұған сіздің көзқарасыңыз қандай? Сонымен қатар қала әкімі Бақытжан Сағынтаев пен оның орынбасарларына қатысты кадрлық өзгерістер бола ма?

– Ал, өзіңіз қалай ойлайсыз? Әкімнің орнында қалғаны дұрыс па әлде ауыстыру керек пе?

– Сіз 26 мың адам қол қойған петицияны көрдіңіз бе?

– Көрдім. Әкімге қатысты айтар болсақ, ол сол сәтте, шынымен де, абдырап қалды. Өмірінде бірінші рет осындай жағдаймен бетпе бет келген шығар. Кез келген адам қысылғанда тығырықтан шыға білмейді. Сондықтан әкімді айыптағым келмеді. Ол міндетін адал атқаратын қызметкер. Дегенмен, алматылықтардың пікірлерін де ескеруім керек. Уақыты келгенде біле жатарсыз. Бұл – бір. Екінші, қала атауына қатысты. Қазір шешім қабылдап, барлық құжаттарды қайта өзгертудің қажеті не? Алматы деп атау қазақтілді жұртшылыққа қолайлы, ал орыс тілінде Алма-Ата деп айту ыңғайлырақ. Ендеше былай келісейік, қаланың ресми аты Алматы болып қалсын. Ал қала тұрғындары мен қаламызға бей-жай қарамайтын азаматтар өздеріне қалай ыңғайлы болса, солай атай берсін.

– Сіз бизнесмендермен өткен кездесуде жастардың техникалық мамандықтарға көбірек бейімделуі керек екенін айттыңыз. Ол үшін Ресейде білім алсын дедіңіз. Осы бастаманы сынап жатқандар да бар. Олар неге Батыста емес, Ресейде оқу керек деген уәж айтады. Сіз, шынымен, Ресейдің білім беру жүйесін озық деп есептейсіз бе?

– Ресейде техникалық білім беру сапасы жоғары. Бұл бәріне белгілі. Мысалы Мәскеуде МФТИ, Бауман училищесі, Новосібір университеті, Томск университеті және басқа да жоғары оқу орындары бар. Әрине, ешкімді міндеттемейміз. Ол жай ғана Ресейге оқуға жіберген дұрыс деген ұсыныс болатын. Біріншіден, тіл мәселесінде кедергі жоқ. Екіншіден, екі ел стратегиялық серіктес, ірі бизнеске қатысты бірлескен кәсіпорындарымыз да бар. Бізге Ресейде оқып, техникалық мамандық алған кадрлар қажет. Кейбіреулер Батыста білім алғысы келеді. Оларға да еш кедергі жоқ. Бірақ ол жақтың білімінің өзіндік ерекшеліктері бар екенін түсіну керек. Батыстың білімін идеал тұтпас едім. Олардың университеттері де диплом басып шығаратын кеңселерге айналып кеткенін білеміз. Жасыратыны несі бар, біздің кейбір жастарымыз Батыстағы «ақшанды төле де, біраз уақыттан кейін дипломыңды ал» дейтін оқу орындарында оқыған. Онысын танымал университет бітірдім деп, тым әсірелеп жібереді.

– Бизнесмендермен өткен кездесуде елімізде әлдебір олигополия қалыптасқанын айттыңыз. Бұл сөзіңіздің астарында не жатыр? Ат төбеліндей аздаған ғана іскерлер тобы экономиканың негізгі секторларын бақылап отыр дегеніңіз бе?

– Иә, шын мәнінде, бұл алаңдататын өзекті мәселе. Олигополия дегеніміз не? Ол – экономиканың негізгі секторларын аздаған адамдар тобының толығымен бақылауы. Өкінішке қарай бізде осындай жағдай қалыптасқан. Сол аз ғана адамдардың тобы жоғары басшылыққа өте жақын болып, мемлекет тарапынан қабылданатын шешімдерге ықпал еткен. Бұл жағдай бізде де бар.

– Әрине, біз мұны түсіндік. Ал енді не істейміз?

– Жұмыс өте көп. Ең алдымен, орта және шағын бизнеспен айналысатын кәсіпкерлердің санын көбейтуіміз керек. Басқа жолы жоқ. Соларға жағдай жасап, несие ресурстарының қолжетімді болуын қамтамасыз еткен жөн. Біздің экономикамыз соншалықты үлкен деп айта алмаймыз. Қазір еуразиялық интеграцияның дұрыс немесе бұрыс екенін саралап отыратын уақыт емес. Қалай болғанда да, еуразиялық кеңістікте өмір сүріп жатқанымызды мойындауымыз керек. Сондықтан оған бейімделіп, мемлекет мүддесі тұрғысынан интеграцияның игілігін көруге ұмтылған абзал. Бұл біздің Үкіметіміз үшін ауқымды әрі өте күрделі жұмыс. Үкімет қызметінің осы бағытына ерекше мән беремін. Бұған жауапты министр Премьер-Министрдің орынбасары деген мәртебеге ие болды. Өйткені ол Мәскеуде де, Еуразиялық экономикалық комиссия аясында да тең дәрежеде келіссөз жүргізе білуге тиіс.

– Сіз Парламентте сөйлеген сөзіңізде қыркүйек айында әлдебір саяси-экономикалық реформалардың топтамасын ұсынатыныңызды айттыңыз. Қандай реформалар екенін білуге бола ма? «Егер бірдеңені өзгерткің келсе, одан құтылу керек» деген сөз бар. Бұрынғының бәрін жойып, қайтадан бастаймыз ба?

– Мен кадрлардың бәрін ауыстыруға қарсымын. Біріншіден, оларды біліктілігі мен жұмыстарының сапасына қарай бағалау керек. Жұрттың талабы осы екен деп Үкіметті жүз пайыз өзгертіп, «Міне, мен келдім, мен – революционермін» деу – менің тәсілім емес.

Екіншіден, кадр да көп емес. Осы орайда мынадай бір әзіл-әңгіме бар, бәлкім бұл рас болуы да мүмкін. Бірде Берия Сталинге келіп, «Жазушыларға шара қолдану керек. Фадеев ішеді, Шолохов ішеді, Вишневский ішеді, Симонов ішеді, Алексей Толстой да бұдан кет әрі емес», – дейді. Сталин оған: «Менің басқа жазушыларым жоқ», – деген екен. Бұл жерде де лайықты министрлерді іздеу керек. Көшеден әкеліп тағайындай салуға болады. Ондай жағдай әлем тарихында да бар. Бірақ бұл тұрақсыздыққа әкелуі, бүкіл жүйені шатқаяқтатып жіберуі мүмкін. Сондықтан кадр мәселесіне мұқият болған жөн. Алдағы уақытта жан-жақты ойластырылған, пысықталған өзгерістер жасалатыны анық. Біз, ең алдымен, Қауіпсіздік Кеңесінің аясында ұлттық қауіпсіздік жүйесін реформалаймыз. Қаңтардағы қайғылы оқиғалар бұл мәселенің қаншалықты өзекті екенін көрсетті. Сондықтан осы проблеманы көп созбай шешу қажет.

(Соңы 4-бетте).

– Аталған реформаларды жүзеге асыру үшін қанша уақыт керек?

– Реформалардың мәні адамдарды өзгерту емес. Реформалар, ең алдымен, жүйені өзгерту немесе жүйенің кемшіліктерін түзетіп, оның қызметіне түбегейлі өзгерістер енгізу деген сөз. Алда болатын кейбір оқиғаларға болжам жасай отырып, еліміздегі парламент пен партия жүйесін реформалау жөнінде ойларым бар. Мемлекет басшысы ретінде бұл туралы 28 қаңтарда өткен партияның съезінде айттым. Президент қоғамдық-партиялық және саяси құрылымдардың бәрінен біршама жоғары тұруға тиіс деп санаймын. Әртүрлі қоғамдық-саяси күштерді мемлекетіміздің мүддесіне жұмылдыра білуім керек.

– Иә, бәлкім, елімізде лайықты оппозиция бірте-бірте қалыптасар. Әйтпесе, меніңше, оппозиция деген жай сөз ғана сияқты.

– Әрине, оппозиция бізде бар, бірақ көбінесе көшеде ғана. Сізбен келісемін. Билік партиясының өзінде де оппозиция бар. Бұған дейін айтқанымдай, партия қоғам қажеттіліктерін ескере отырып, қайта құрылуға тиіс. Мәжілісте бірнеше күшті партиялар болуы керек деп санаймын. Тіпті Үкіметті жасақтау кезінде конституциялық басымдық болмаса, олар ортақ мәмілеге келу керек. Бізге саяси мәдениет қалыптастырып, саяси қайраткерлерді өсірген жөн. Себебі мұндай экстремистік жағдайларда бізге қоғамдық популизм мен экзальтация қажет емес. Мысалы, Германияда барлығы да мәдениетті түрде өтеді. Партиялар ауысады. Адамдар байсалды сөз сөйлейді. Басқа партиялар оларды тыңдап, белгілі бір мәмілеге келеді. Үкіметтегі негізгі лауазымдарға өздерінің адамдарын ұсынады. Уақыт өте келе, біз де осыған келеміз деп ойлаймын. Мен Президент болып тұрған кезде осы нәтижеге қол жеткізім келеді.

– Шын мәнінде, қазіргі уақытта халық Сізден зор үміт күтеді. Елімізде өзгеріс жасай алатын Президент бар деп түсінеміз. Бұрын мұндайды сезінбейтін едік....

– Бұрынғының бәрін сынап бермейік. Қалай болғанда да, бұл – біздің тарихымыз. Бірақ менің Президент ретіндегі басты міндетім – бүкіл қоғамды және барлық саяси жүйені, соның ішінде экономиканы трансформациялаудың оң нәтижесіне қол жеткізу. Қазақстан халқына арнаған ең алғашқы Жолдауымда саясат пен экономика қатар жүретінін айтқан едім. Қазіргі тарихи жағдайда бүгін экономикамен айналысамыз, ал саясат күте тұрады деп айта алмаймыз. Экономикалық жаңғыруды қарқынды жүзеге асыруда саясат та маңызды рөл атқаратыны белгілі. Түптеп келгенде, баршамыз Марксты оқыдық, әсіресе, менің замандастарым. Бұл жөнінде Маркстың: «Негіз – бұл экономикалық базис. Бірақ экономикалық базиске ықпал ететін саяси құрылым бар. Кейде экономикалық базиске қарағанда, саяси құрылым әлдеқайда маңызды рөл атқарады» деген ой-тұжырымы бар. Сондықтан қоғамды саяси трансформациялаумен қатар экономиканы қайта жаңғыртуды да бірге алып жүру керек. Бұл – менің миссиям. Қанша уақыт Қазақстан Президенті болатынымды білмеймін. Бірақ нақты білетінім, Конституцияға сәйкес екі мерзімнен ұзақ отыра алмаймын. Яғни, ешқандай заңға, әсіресе Конституцияға өзгерістер енгізілмейді.

– Сот жүйесіне реформа жасала ма?

– Тұрасын айтайын, сот жүйесіне алаңдаушылықтың болуы заңды. Қазіргі уақытта реформа жүргізіліп жатыр. Оның қалай және қандай қарқынмен іске асырылып жатқаны – басқа мәселе. Мен кәсіпкерлермен өткен кездесуде бұрын болмаған Әкімшілік істер жөнінде алқа құру туралы айттым. Бұл құрылым кәсіпкерлік мәселелерді, инвестициялық дауларды қарастырумен айналысады. Қазір біз судьяларды іріктеу кезінде шешуші рөл атқаруға тиіс Жоғарғы Сот кеңесінің мәртебесін біршама күшейтіп келеміз. Судьялар корпусына кәсіби судья емес адамдарды да жібердік. Кәсіби судья әділ төреліктің кепілі деген сөз емес қой. Сол сияқты корпоративтік сектор мен басқа да салаларға мамандарды жолдап отырмыз. Яғни судьялардың кәсіби құрамына өзгеріс жасау қажет. Оларға

қойылатын басты талап – адалдық пен әділдік.

– Сіздің бастамаңызбен құрылған «Қазақстан халқына» қорының қамқоршылық кеңесі жасақталды. Қазірдің өзінде 20 миллиард теңгеден астам қаржы түскен. Мүмкін, оның жұмыс істеу тетігі әлі де нақтыланбай отырған шығар. Өйткені олигархтар қорға ақша аударуға асығар емес. Бұл үрдіс тұрақты болу үшін оларға қатысты қандай да бір шара қолданыла ма?

– Қазіргі кезде Қордағы ақша 20 миллиардтан әлдеқайда көп, шамамен 50 миллиард теңгедей. Мен Қордың жұмысына араласпаймын. Бұрынғы Қаржы министрі Болат Жәмішев Қордың басшысы болып тағайындалды. Қамқоршылық кеңесі бар. Олар қоғамдық бастама бойынша жұмыс істейді. Менің жұмысым Қорға жарна түсіру ісіне ықпал ету және бұл жөнінде өзімнің ұстанымымды айттым. Біріншіден, бұл – салық емес, қайырымдылық. Бірақ әрдайым оның да белгілі бір параметрлері болуы керек. Үкімет салық салынатын табыстың 3 пайызы деп белгіледі және бұл тек ірі бизнеске ғана қатысты. «Қазақстан халқына» қоры науқас балаларға, бұқаралық спортқа, оның ішінде ауылдық жерлердегі балалар спортын дамытуға, Алматыны қалпына келтіруге, мәдениетті өркендетуге және басқа да игі шараларға көмектеседі. Бұл мәселелермен Қамқоршылық кеңесі айналысады.

– Тағы бір мәселе. Еуропарламент Қазақстандағы оқиғалар бойынша қарар қабылдап, халықаралық тергеу жүргізуді талап етуде. Бұл құжатқа қатысты Сіздің пікіріңіз және Еуропарламент институтына көзқарасыңыз қандай?

– Институт ретінде Еуропарламентке деген көзқарасым дұрыс. Осы құрылымға мүше болу мемлекеттерге қаншаға түсетінін адамдар білсе, онда бұл институтқа деген сыни көзқарастары күшейе түсер еді. Бірақ бұған тоқталғым келмейді. Өйткені бұл – Еуропалық одақтың мәселесі. Егер олар мұндай институт қажет деп санаса, өздері білсін.

Қарар ештеңеге міндеттемейді. Ұсыныс ретінде айтылған. Қазақстанға қатысты екінші рет қарар қабылданып отыр. Мұны мүлдем объективті емес және күні бұрын қабылданған құжат деуге болады. Сондықтан бұл қарарға бола еш алаңдамаймын. Қазақстандағы оқиғаларға қатысты халықаралық тергеуге келетін болсақ, мұндай тергеу жүргізудің қажеті жоқ деп есептеймін. Өзіміздің де қолымыздан келеді. Бізде де адал әрі әділ мамандар бар. Бүгін ол азаматтардың біразының аттарын атадым. Бұл комиссияларды құруға мен де және менің әкімшілігім де қатысқан жоқ. Өздері ерікті түрде осындай институт құруға шешім қабылдады. Жұмыс істесін. Өйткені мен де ақиқаттың ашылып, шындықтың айтылуына мүдделімін. Тағы бір айта кетерлігі, бұл қарардың қабылдануына лоббистер түрткі болған. Лоббистер – кезінде Қазақстанның қыруар ақшасын қалтасына басып шетелге кеткендер. Қазір олар сол ақшаларын елімізде түрлі шерулер ұйымдастыруға жұмсап, «қаншалықты жаман болса, соншалықты жақсы» деген қағидаға сүйенетін адамдардың тапсырысымен жұмыс істейді. Мен бұларды Өзбекстанның олигархтарымен салыстырамын. Шетелде мол қаражат тапқан олар өздерінің тарихи отанына келіп, Өзбекстан Президентінен «Өзбек халқына не істей аламыз, қандай көмек керек?», – деп тапсырма сұрайды. Содан кейін өз қаражаттарына ауруханалар, инфрақұрылымдар салады. Елімізде отырып немесе шетелде жатып, өз еліне шабуылдайтын біздің олигархтардың өзбек олигархтарынан айырмашылығы міне, осындай.

– Соңғы кездері синофобиялық пікірлер байқалып жүр. Кейбір адамдар Қытайдың Қазақстан экономикасына қатысуына наразылық білдіруде. Қытаймен арадағы ынтымақтастықтың сипаты өзгере ме? АҚШ-пен қарым-қатынасымыз қалай өрбімек? Байланыстарымызға сызат түсуі мүмкін бе?

– Қытайға қатысты айтар болсақ, көршіні біз таңдамаймыз. Қытай, ең алдымен, біздің Құдай қосқан көршіміз. Екіншіден, Қытай – экономикалық даму жағынан орасан зор табысқа жеткен ел. Жоғары технология, жасанды интеллект тұрғысынан алып қарағанда, алдыңғы қатарда тұрған мемлекет. Әрине, Қытаймен ынтымақтастық жасауымыз

керек. Біз Қытайдың нарығына тәуелдіміз. Елімізде стратегиялық өнімдер шығаратын ірі кәсіпкерлердің бәрі қытай нарығына үміт артады. Бұны жоққа шығарудың емес. Қытайға қарсы шеру өткізетіндер өздерінің саяси мақсатын жүзеге асырғысы келетіні анық. Бәлкім олар экономикамызға не қажет екенін мүлде түсінбейтін және экономикалық шынайы ахуалдан хабары жоқ адамдар. Әйтпесе, әлемдік қоғамдастықта геосаяси қақтығыстар жүріп жатқан қазіргі кезде оларға қандай да бір қорлар мен құрылымдардан ақша төленуі де мүмкін.

Жуырда өткен «Орталық Азия – Қытай» саммитінде былтырғы 11 айдың ішінде екі ел арасындағы сауда айналымы 17 миллиард долларға жеткенін айттым. Бұл – маңызды көрсеткіш. Біз Қытаймен арадағы сауда-экономикалық, инвестициялық серіктестікті одан ары дамытуға мүдделіміз. Қытайды тануымыз және қытай тілін үйренуіміз керек. Әрине бұл «ақ жалау көтеріп, алдынан шығу» деген сөз емес. Біз Қытайдың үлкен әрі ұлы мемлекет екенін және екі елдің өте жақсы қатынаста болуы керектігін түсінгеніміз жөн.

Ал АҚШ-тың қазіргі әлемде маңызды рөл атқаратыны баршаға мәлім. Біз энергетика саласы мен ядролық қаруды таратпау мәселесі бойынша әрқашан ынтымақтастықты дамыту бағытын ұстандық. Қазақстан бұл бағытты жалғастыруға дайын.

– Сіз шынымен де мемлекет мүддесін жеке қарым-қатынасыңыздан жоғары қоясыз ба?

– Осы соңғы оқиғалар мемлекеттің мүддесін бәрінен жоғары қоятынымды көрсетті деп ойлаймын. «Платон менің досым, бірақ ақиқат қымбат» деген сөзді көпшілікке ұнау үшін айтқан жоқпын. Бұл бос сөз емес. Шын мәнінде, Президент үшін мемлекеттің мүддесі қашанда бәрінен жоғары тұруы керек деп есептеймін. Менімен жақсы қарым-қатынастағы адамдардың да құлағына алтын сырға. Егер таразы басында мемлекеттің мүддесі тұрса, онда мен бұл қатынастан бас тартуға тиіспін.

– Адами тұрғыдан қиын ғой. Олай істеу мүмкін бе?

– Мемлекет басшысының міндеті – аса күрделі шешімдер қабылдау. Біз бүгін құқық қорғау органдарына қарулы бандиттерге байланысты берген бұйрығым туралы айттық. Әрине, мен өзіме және беделіме нұқсан келтіретін шешім қабылдадым. Әлемдік қауымдастық алдында мінсіз тұлға болып, қол алысып, сөз сөйлеп жүре берген, әрине жақсы. Ал сынға ұшыраған оңай емес. Сөз мемлекеттің қауіпсіздігі туралы болып отыр. Ең алдымен, өз азаматтарымыздың амандығын ойлаған абзал. Бұл мәселе үнемі Президенттің жадында болуы керек.

– Жұртшылықтың басым көпшілігі еліміздегі тәртіпсіздіктер мен іске аспаған төңкеріс кезіндегі Сіздің шешіміңізді қолдады. Жақсы баға беріліп жатыр. Қазақтың бір ақыны сізге өлең арнады. Біз осы бәз-баяғы қалпымызда жүрген жоқпыз ба? Мұндай жағдайды бастан өткердік қой. Жалпы, мадаққа қалай қарайсыз?

– Мен бұған қарсымын. Өйткені мақтау, мадақтау сөздері мүлде жоқ ортада өстім. Мен мұндай жағдайларды қолдамаймын. Мақтау сөздерге табиғи иммунитетім бар дей аламын. Бірақ біздің кейбір зиялы қауым өкілдерінің көзқарасын өзгерту оңай емес. Әрине, олар мүлде басқа ортада өсті. Мақтау сөздер мен мадақтың еш қажеті жоқ.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, бүгінгі сұхбатыңыз үшін алғысым шексіз. Бәріміз қызығы мен шыжығы көп уақытта өмір сүріп жатырмыз. Қазақстанның бірде-бір тұрғыны жауапкершіліктен қашпайды. Өйткені, қазір мұны біз үшін біреу істейді дейтін заман емес. Бәріміз үшін елімізді жақсы жағына қарай өзгертетін, жайлы өмір сүруге ұмтылдыратын оңтайлы сәт туды деп ойлаймын.

– Өмірге деген осындай оптимистік көзқарасыңыз үшін рахмет.

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, сұхбат бергеніңіз үшін тағы да рахмет айтамын.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС XXI СЪЕЗІНЕ ҚАТЫСТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев «Nur Otan» партиясының кезектен тыс XXI съезіне бей-небайланыс режимінде қатысты. Сондай-ақ жиынға Тұңғыш Президент – Елбасы, Президент Әкімшілігінің басшылығы, партияның Саяси кеңесінің мүшелері қатысты. Отырысты партия Төрағасының бірінші орынбасары жүргізді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзінен және дауыс беру рәсімінен кейін Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты «Nur Otan» партиясының Төрағалығына сайлау туралы Съезд қаулысы қабылданды. Содан кейін Мемлекет басшысы жиынға қатысушылар алдында сөз сөйледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев партияның жаңа көшбасшысы ретінде сөйлеген сөзінде партияны басқаруға ұсыныс жасағаны және қолдау көрсеткені үшін ризашылығын білдіріп, «Nur Otan» партиясына төрағалық ету аса жауапты жұмыс екенін атап өтті.

Президент халқымызды дүрбелеңге салған қаңтардың басындағы қайғылы оқиғалар туралы айта келе, лаңкестер мен қылмыскерлерге тойтарыс беріп, мемлекетіміздің тұтастығын сақтап қалғанымызды мәлімдеді.

– Құзырлы органдар кінәлі адамдарды анықтап, жауапқа тарту үшін тергеу жүргізуде. Бұл жұмыс тек заң аясында жүзеге асырылатынына күмән болмауға тиіс. Бәрі Бас Прокуратураның және менің жеке бақылауымда болады. Адам құқығын міндетті түрде сақтаймыз. Бұдан былай мұндай қасіретке жол бермейміз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы қоғамдық құндылықтар жүйесіне, саяси және әлеуметтік-экономикалық салаларға түбегейлі өзгеріс енгізу қажет екеніне назар аударды.

– Азаматтық қоғам институттарына зор міндет жүктеледі. Әсіресе, саяси партиялар айрықша рөл атқаруға тиіс. Соның ішінде біздің партиямыздың алатын орны ерекше. «Nur Otan» Қазақстанды нығайтуға бағытталған маңызды реформалардың бастауында болып, түрлі салада нақты жетістікке жетуімізге елеулі үлесін қосты, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Елбасының жеке басына қатысты ел ішінде таарап жатқан түрлі жағымсыз әңгімелерге түсіндірме берді.

– Тұңғыш Президентіміз елімізді іргесі берік мемлекетке айналдыру үшін зор еңбек сіңірді. Ол Отанымыздың және әлем тарихында Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаған тұлға ретінде қалатыны сөзсіз. Елбасының 30 жылда ел мүддесі үшін атқарған жұмысын жоққа шығаруға болмайды. Бұл – тарихқа қиянат жасау деген сөз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Қазақстан халқы Нұрсұлтан Назарбаевтың тұлғасына баға берген кезде тарихи деректерге шынайы түрде сүйенуі қажет.

– Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев отандық және әлемдік жылнамада Қазақстан Республикасының негізін қалаушы деген атпен қалады. 90-шы жылдардың басында Қазақстанның демографиялық ерекшелігіне және шекарасының шегенделмеуіне байланысты белгілі саясаткерлер мен саясаттанушылар елімізді ыдырап кетеді деп болжам жасаған болатын. Осындай қилы заман, тарихи кезеңде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев мемлекет құру жөніндегі күрделі миссияны өз мойнына алды. Бұл, шын мәнінде, өте ауыр міндет еді, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Елбасының нарықтық экономиканы қалыптастыруға, жан-жақты реформаларды жүзеге асыруға, Тәуелсіздіктің елең-алаң кезінде әлеуметтік-экономикалық сипаттағы көптеген проблеманы шешуге қосқан үлесін еске салды. Сондай-ақ мемлекеттік шекараны рәсімдеуге, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, еліміздің геосаяси тұғырын нығайтуға және астананы көшіру ісіне сіңірген зор еңбегін атап өтті.

– Ол Американың бес президентімен, кеңестік және ресейлік бес басшымен, Қытайдың бірқатар төрағаларымен және басқа да көптеген мемлекеттің басшыларымен, сондай-ақ БҰҰ-ның төрт бас хатшысымен жұмыс істеді. Әлемдік қоғамдастықта оны жанандық ядролық қаруға қарсы қозғалыстың көшбасшысы деп атайды. Сонымен қатар Тәуелсіздік жылдары Қазақстанның барлық экономикалық көрсеткіш бойынша Орталық Азия кеңістігінде алдыңғы орынға шыққанын ұмытпауымыз керек. Сондықтан Тұңғыш Президенттің тарихи еңбегін ұмытпайық. Түптеп келгенде, шынайы әрі әділ болған жөн. Өткенін қаралаған халықтың болашағы бұлыңғыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент ел басқару ісінде жіберілетін кемшіліктер туралы айта келе, қателіктерге Американың да, Қытайдың да басшылары, тіпті Сингапурдың алғашқы Премьер-министрі Ли Куан Ю да бой алдырды деген пікір білдірді.

– Бірақ Сингапурдың да, АҚШ-тың да, Қытайдың да халықтары және басқарушы топтары күрішті күрмектен ажырата біліп, өздерінің басшыларын кемшіліктерден жоғары қойды. Жұмыс істемейтін адам ғана қателеспейді деген сөз бұрыннан белгілі. Сондықтан Тұңғыш Президенттің тиісті тарихи еңбегіне лайықты бағасын берейік. Ал кеткен қателіктер, еліміздің келешек басшыларына сабақ болсын. Мемлекетіміздің болашағы тұрғысынан алғанда бұның дұрыс болатынына сенімдімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы өз сөзінде «қасіретті қаңтар» оқиғасының Тәуелсіздік алған жылдардағы ең ауыр сынақ болғанын атап өтті. Президент қоғамның кемелдігі мен мемлекеттің күш-қуатын сынап көруге арналған емтиханды сәтті тапсырғанымызды айтты. Осы ретте Президент бұл оқиғалардың барлық себеп-салдарын терең талдап, тиісті сабақ алу қажет деп санайды.

– Еліміз дамудың өте күрделі кезеңіне аяқ басқанын түсіне отырып, «Nur Otan» партиясын басқару ұсынысын ризашылықпен қабылдаймын. Бұл шешім партияны трансформациялау және бүкіл қоғамды ұйыстыру жұмыстарына кірісуге дайындықты білдіреді. Осы ретте мен Мемлекет басшысы ретінде ашық және әділ саяси бәсекелестік болатынына кепілдік беремін. Менің конституциялық міндетім –



барлық билік тармағының келісілген іс-әрекетін және мемлекеттік органдардың халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз ету. Әрине, бұл жағдайлар Президенттің кез келген партия мен қозғалыстардың қызметінен белгілі бір дәрежеде алшақтауын талап етеді. Сондықтан біраз уақыттан кейін, бәлкім осы жылдың ішінде, «Nur Otan» партиясына одан әрі төрағалық етуімнің орындылығы туралы мәселеге қайта ораламыз. Мемлекет басшысының тең қашықтықтағы мәртебесі саяси реформалардың ауқымды топтамасында біржола бекітілуі керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент елімізді жан-жақты жаңғырту үшін ұсынылған ауқымды мәселені еске салды. Оның пікірінше, «Nur Otan» реформаларды жүзеге асыруға белсене атсалысуға, Қазақстанды қарқынды түрде қайта құрудың және жаңартудың негізгі қозғаушы күші ретінде әрекет етуге тиіс.

– Бұл үшін «Nur Otan» өзін-өзі жаңартуы керек. Партияның бүкіл жұмысын сөз жүзінде ғана емес, түбегейлі қайта құру қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы партия мүшелерін төмендегі басымдықтарға баса мән беруге шақырды.

Президент партия ішіндегі ынтымақты нығайтуды, қоғамдағы барлық конструктивті күшті біріктіруді бірінші міндет ретінде атады. Оның айтуынша, Жаңа Қазақстанды құру үшін ауызбіршіліктің, серіктестіктің, нық ұстаным мен болашаққа сенімнің маңызы зор.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, партия мемлекеттік органдардың жұмысын қайталамауы керек. Президент «Nur Otan» партиясы негізінен идеологиялық және кадрлық жұмыстармен айналысып, қажет жағдайда мемлекеттік аппараттың жұмысына жол сілтеп отыруы керек екеніне назар аударды.

– Партияның өміршеңдігі сайлауалды уәделердің қаншалықты орындалатынына байланысты екенін түсіну керек. Менің ойымша, шындыққа жанаспайтын және орындалмайтын уәде бермеген абзал. «Арық айтып, семіз шыққан» жөн. Ақиқатқа тура қарау қажет. Сондықтан партия Үкіметпен және әкімдіктермен бірлесе отырып, сайлау алдындағы уәделердің орындалуын түбегейлі қадағалауы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Президент партияның ұйымдық құрылымын қайта қарауды, атап айтқанда, бірінші орынбасар лауазымын атқарушы хатшы қызметімен алмастыруды, сондай-ақ тиісті бағыттар бойынша басқа да хатшылардың лауазымдарын қайта қарастыруды тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамдық кеңестердің қазіргі жоспарларын, олардың жеке құрамдарын қоса алғанда түбегейлі жаңартуға, басқа партиялар мен қоғамдық бірлестіктермен арадағы ынтымақтастықты жолға қоюға шақырды.

Президент Мәжілістегі партияның фракциясын қайта қарау, партия мүшелерінің өңірлердегі өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге атсалысуын күшейту, қоғамдық қабылдаулар қызметін жандандыру, партияның сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі стратегиясын жаңа мазмұнда толықтыру, партия құрамындағы толып жатқан тиянақсыз, табансыз, мансапқұмар тұлғаларды орындарынан алу, сондай-ақ партияның «Jas Otan» жастар қанатының жұмысын сапалы түрде күшейту қажет деп санайды.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан халқына» қорының қызметіне арнайы тоқталды. Қорға ақшалай үлес қосқан кәсіпкерлерге ризашылығын білдірді. Сонымен қатар олигополияның бір бөлігі, тіпті соның дәл өзі болып табылатын бизнестегі кейбір белгілі тұлғалардың Президент бастамашы болған қайырымдылық акциясына қатысуға асықпайтындарын атап өтті.

– Бұны қалай түсінуге болады? Сараңдық па, нигилизм бе, салғырттық па әлде менсінбеу ме? Қалай болғанда да, бұл сұрақтың жауабын алуға мемлекеттің құзыреті жетеді. Ірі бизнес тарапынан жасалатын қайырымдылық үдерісін реттейтін арнаулы Жарлық шығаруды жоспарлап отырмын, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзінің соңында Президент қызметінде болсын және партия жұмысында болсын ел мүддесіне берік болу қағидатын ұстанатынын жеткізді.

– «Nur Otan» – еліміздің негізгі саяси күші. Сондықтан Қазақстанның болашағы үшін, ең алдымен, біздің партиямыз жауапты. Әрқайсымыз осы жауапкершілікті терең сезініп, жұмыс істеуіміз қажет. Шын мәнінде, «Nur Otan» мемлекетшілдер партиясы болуы керек. Ұйым мүшелері мемлекет мүддесін бәрінен биік қоюға тиіс, – деді партия Төрағасы.

● Сұхбаттан кейінгі ой-пікір

ТАҚ АТАМНАН ҚАЛҒАН МҰРА ЕМЕС

Сонымен, Қасым – Жомарт Тоқаевтың сұхбатын тыңдап шықтық. Эфирдің орысша өткені көңілге кірбің түсірді демесеңіз, тұтастай алғанда журналистің сұрақ қойысы ұнады. Мұны мойындау керек. Көптің көкейінде жүрген, қаны сорғалаған сауалдар қойылды.

Тоқаев та жалтарған жоқ. Негізінен қазақтілді аудиторияны толғандырып жүрген бірсыпыра сауалға бүкпесіз жауап қатты.

«Назарбаевтың қателігін қайталамауға тырысамын. Экспрезидент үшін қастерлі саналған құндылықтар Қазақстанды құзға құлата жаздады...».

Президенттің билікке қатысты пайымдарының өзегінде (подтекст) осы месседж жатқандай сезілді.

Үлкен кісіні дипломатияның салтымен, сыпайы шығарып салғанын меңзеді.

Не десеңіздер де, Тоқаевтың жаны қазақ. Қазаққа бүйрегі бұрып тұрады.

«Тақ атамнан қалған мұра емес. Билікте қалу үшін Ата заңды бұрмалайтын астамшылыққа бармаймын».

«Саясат пен экономиканы тең алып жүру керек. Өзіме берілген мерзімде парламенттік және партиялық жүйеге толық реформа жасауға тырысамын».

«Назарбаевпен саудаласқан жоқпыз. Ел басына күн туған шақта Қауіпсіздік кеңесінің төрағалығы президент қолында болуы керек деген мәселені көлденең қойдым».

Біздің сараң байлар өзбектің олигархтарынан үлгі алсын. Елден жырақта жүріп байыған өзбектің қалталы қауымы атажұртына келгенде аянып қалмайды. Өз есебінен аурухана тұрғызады, инфрақұрылымды жаңартады. Қазақтың есебінен байыған біздің олигархтар «шық бермес Шығайбайдың» өзі».

«Жағымпаз жазушыларды түзей алмайсың. Олардың таным-талғамы бүгінгі дәуірмен үйлеспейді. Ал менің мақтау мен мадаққа қарсы иммунитетім бар».

«Бізге кадрлық дефицит бар. Сол үшін де Үкіметті түгел ауыстыру мүмкін емес. Болашақта міндетті түрде өзгерістер болады».

Тоқаев осы тезиспен-ақ өткен 30 жылда экс-президенттің мемлекет мүддесіне қайшы келетін қыруар қателік жібергенін аңғартып отыр. Ол үшін Назарбаевты жерден алып, жерге салу міндет емес.

Иә, Тоқаевтың тезистері қазақтілді аудиторияға таңсық емес. Қаншама жылдан бері қақсап айтып келе жатқан мәселелер. Бастысы Назарбаевтың тұсындағы доқ, дөрөкілік жоқ. Атамыздың сұхбатының өзінен «жаргонный стиль» сезіліп тұратын еді.

Президенттің соңғы шешімдерінің барлығы мемлекет мүддесі үшін жасалғаны аңғарылады.

Назарбаев династиясы, оның соңындағы тарам-тарам кландар келмеске кетті деп тілейік.

«Назарбаев менің досым, бірақ шындық қымбат» деген ұстанымнан таймаса, нағыз мемлекетшілдіктің үлгісі осы болады. Әлі де мемлекеттің мүддесіне бағытталған шешімдерді күтеміз. Уақыт - төреші.

Думан БЫҚАЙ,
журналист.

СЕНІМ ДЕГЕН ҰЛЫ КҮШ

Тоқаевтың сұхбатын түгел тыңдап шықтым.

1. Өз-өзіне деген сенімділігі қатты байқалып тұр. Саясаткер үшін маңызды қасиет.

2. Назарбаевпен арадағы әңгімесін сендіріп айтты. «Ешқандай сауда болған жоқ. Қауіпсіздік кеңесін қолыма аламын дедім. Алдым. Бұл да сенімді адамның сөзі».

3. Президенттің мерзіміне байланысты. Конституцияны өзгертпеуге уәде берді. Екінші мерзімінен артық сайлауға аяқ баспайтынын айтты. Менің ойымша сөзінде тұрады.

4. Алматының әкімі туралы. Халықтың пікірін қашан да бірінші орынға қоятынын тағы да ескертті. Демек, Алматылықтар алдағы уақытта жаңалық күтіңіздер.

5. Террористтер туралы. Әлі тергеу жүріп жатыр. Тергеудің алдына шығып бірдеңе айту дұрыс емес деді. Но, сырттан келген лаңкестердің бар екенін ашық айтты. Олар кімдер? Бұл сұрақтың жауабын толық білу үшін тергеудің қорытындысын күту керекпіз. Ең бастысы ресми ақпаратқа ғана сену керекпіз.

6. Ашық мемлекет қағидатын құруға деген ынтықсы. Сұхбат барысында өзекті сұрақтар қойылды деп есептеймін.

7. Президенттің мемлекетті нығайтуға деген энергетикасы мықты. Енді халық болып қолдау маңызды деп ойлаймын.

Сенім деген ұлы күш. Сондықтан, күллі қазақтың сенімі сөнбесін. Өз басым Жаңа Қазақстанға сенемін.

Ербол МАНДИБЕК,
журналист.

АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

2022 жылғы 1 ақпанының жағдайы бойынша мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек 39 отбасына, оның ішінде 190 адамға тағайындалды, оның ішінде құрамында 98 адамы бар 15 отбасы көпбалалы отбасы болып табылады, оның ішінде 73 бала. Шартты ақшалай көмекті 26 отбасы, оның ішінде 134 адам, ал шартсыз ақшалай көмекті - 13 отбасы, оның ішінде 56 адам алды.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек - жан басына шаққандағы орташа табысы отбасының әрбір мүшесіне шаққанда ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%- нан төмен азаматтарға төленетін уақытша қаржылық қолдау. 2022 жылдың бірінші тоқсанында кедейлік шегі 26 013 теңгені құрады.

Көмек көрсетудің негізгі бағдары – табысы аз азаматтардың табыстарын есепке алудың ашықтығы және мемлекеттік қолдау шараларын көрсетумен бірге еңбекке ынталандыру болып табылады. Осыған байланысты еңбекке қабілетті отбасы мүшелеріне қойылатын талаптар күшейтілді.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің ұсынылған шараларынан бас тартқан, не жасалған әлеуметтік келісімшарттың талаптарын орындамаған жағдайда отбасының барлық мүшелері қолдау алу құқығынан айырылады.

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау мен төлеу және кепілдік берілген әлеуметтік топтаманы ұсыну қағидаларын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы №320 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 23 желтоқсандағы № 487 бұйрығы негізінде алдын ала шешім бойынша өтініш иесін тыңдау нәтижесін ескере отырып, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау туралы (төлем мөлшерін өзгерту, төлемді уақытша тоқтату, төлемді тоқтату, тағайындаудан бас тарту) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау кезінде өзгертулер мен толықтырулар енгізілді, сондай-ақ атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған жағдайда – кепілдік берілген әлеуметтік топтама ұсыну (ұсынудан бас тарту) туралы (бұдан әрі - атаулы әлеуметтік көмек тағайындау, кепілдік берілген әлеуметтік топтама ұсыну немесе олардан бас тарту туралы шешім) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындаудан бас тарту туралы жазбаша түрде, орталық немесе әкім арқылы, сондай-ақ ұялы байланыс желілеріндегі абоненттік нөмірге хабарлама жіберу арқылы өтініш берушіге хабарлайды, ал тағайындаудан бас тартқан жағдайда оның себептерін көрсете отырып хабарланады. Орталық бір жұмыс күні ішінде ҚР Әкімшілік рәсімдік - процесстік кодексінің (бұдан әрі –ҚР ӘПК) 73-бабына сәйкес өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша білдіру мүмкіндігі үшін өтініш берушіге мемлекеттік қызметті тағайындау немесе көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдау өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарлама жібереді. Орталық өтініш берушінің алдын ала шешімге қарсылығын оны жіберген күннен бастап 2(екі) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Атаулы әлеуметтік көмек тағайындау кезінде аз қамтамасыз етілген отбасыға атаулы көмек көрсетіледі, сонымен қатар тұрақты жұмыс орындарына немесе қоғамдық жұмыстарға жұмысқа орналасуға, қайта даярлаудан өтуге, біліктілігін арттыруға, жастар практикасына орналасуға көмек көрсетіледі, бизнес - идеяларды іске асыруға өтеусіз гранттар беру түрінде кәсіпкерлік қызметке жәрдем көрсетіледі. Осылайша, аз қамтамасыз етілген отбасының кедейлік жағдайынан шығу әлеуеті ынталандырылады.

Айсұлу ЕСЕНГЕЛЬДИНОВА,
Халықты жұмыспен қамту орталығының кеңесшісі.



2005 ЖЫЛЫ ТУҒАН АЗАМАТТАРДЫ ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ

Тайынша аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімде азаматтарды әскерге шақыру бөлімшелеріне тіркеу бойынша науқан басталды, ол 2022 жылдың 10 қаңтарынан 31 наурызына дейін жүргізіліп, 2005 жылы туған азаматтар есепке қойылады. Тіркеу науқаны Тайынша ауданы әкімінің Қаулысы негізінде іске асырылады.

Тіркеу - бозбалаларды әскери есепке алу, олардың санын анықтау, білім мен дайындығын, әскери қызметке жарамдылық деңгейін анықтау үшін жүргізіледі.

Әскери есепке қою рәсімін жүргізу үшін бозбалаларға медициналық тексеру жүргізетін медициналық комиссия құрылады.

Тіркеу барысында үгіт насихат жұмысы да жүргізіледі, бозбалаларға әскери мамандықтар, Қазақстан және шетелдің әскери ЖОО-да оқу мүмкіндіктері туралы айтылады.

Тіркеу жүргізу кезеңінде оқу орындарының, мекемелер мен кәсіпорындардың басшылары әскерге шақырылатындарды жұмыстан, оқудан босатулары тиіс, іссапардан шақыртып, олардың әскерге шақыру бөлімшесіне уақытында келуін қамтамасыз етулері қажет, Тайынша ауданында тіркеуде тұрып, Ресей Федерациясында оқып жатқан бозбалалар әскери есепке тұру үшін Қорғаныс істері жөніндегі бөлімге келулері қажет.

Оқу орындарының басшылары әскерге шақырылатындардың жеке істерін рәсімдеу үшін қажетті құжаттарды дайындап, балалардың тіркеу сұрақтары бойынша комиссияға 100 пайыз қатысуларын қамтамасыз етулері қажет.

Әскерге шақыру бөлімшелеріне тіркелген азаматтар әскерге шақырылушылар деп аталады, оларға тіркелгені туралы куәлік беріледі, әскери есептің ережелері мен міндеттері түсіндіріледі.

ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАР, СІЗДЕРДІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ КҮТЕДІ!

Келісімшарт бойынша әскери қызмет – бұл мемлекеттік қызметтің ерекше түрі емес, бұл кәсіби өсу болашағы бар, қызметкер мен оның отбасын әлеуметтік тұрғыдан қорғайтын жұмыс.

Келісімшарт бойынша қызмет ету ерікті негізде жүзеге асырылады.

Келісімшарт бойынша қызметке баратын тұлғалар келесі талаптарға сай болуы керек:

- Қазақстан Республикасының азаматы болу;
- денсаулығы жақсы;
- әскери лауазымға сәйкес келетін әскери-есепті мамандығы болу;
- сотталмаған болу.

Қарулы Күштерге қалай түсуге болады?

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімге келіп, қажетті құжаттар тізімін алып, барлық сұрақтар бойынша кеңес алу.

2. Қажетті құжаттарды жинап, оларды Қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің жауапты маманына тапсыру.

Әскери қызметтің басымдықтары – лайықты еңбек ақының кепілдендірілген және уақытылы төлемі; зейнетақы қорына 20 пайыз мемлекет есебінен тұрақты аударымдар; мемлекет есебінен кепілдендірілген тұрғын-үй; мемлекет есебінен әскери-медициналық мекемелерге әскерилер мен олардың отбасына медициналық қамтамасыз ету; мемлекет есебінен белгіленген нормалар бойынша киіммен қамтамасыз ету (киім формасы); жыл сайынғы негізгі демалыс, қосымша демалыстар; бюджет қаражаты есебінен оқу құнының 50 пайызы мөлшерінде ақылы негізде Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарында оқуға кеткен шығындардың орнын толтыру құқығы; тұрғылықты мекенжайы бойынша мектепке дейінгі балалар мекемелеріне әскерилердің балаларына кезектен тыс орын.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі Республикалық мемлекеттік мекемесі келісімшарт бойынша әскери қызметке азаматтарды қабылдайды.

Мансапты көздеген 19-30 жас аралығындағы барлық ер-азаматтар, запастағы сержанттар (старшиналар) мен запастағы жауынгерлер (матростар)!

Келісімшарт бойынша әскери қызметке түсу сұрақтары бойынша Тайынша қаласы, Светлый ш/а, 7 үй мекенжайы бойынша Қорғаныс істері бөліміне, немесе 23-1-11 телефоны бойынша хабарласуға болады.



ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНДАҒЫ НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІНДЕ ОҚУҒА ҮМІТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰЖАТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ ЖАЛҒАСУДА

Петропавл қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебіне оқуға түскісі келетін өңір оқушыларының құжаттарын қабылдау шарасы жүріп жатыр. Облыстағы кез-келген 6-сыныптың оқушысы ақпанның 26-ына дейін мектепке өз құжаттарын тапсыра алады. Ал сәуірдің 14-15 күндері арнайы тестілеу ұйымдастырылып, одан сүрінбей өткендер Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы атана алады.

Аталған конкурс 2022-2023 оқу жылында 7-сыныпта Назарбаев Зияткерлік мектебінде оқығысы келетін үміткерлерге жарияланып отыр. Арнайы байқауға қатысатындар Елбасының «Өркен» білім беру грантына ие болса, мектепте тегін білім алады. Грант иегерлеріне тегін мектеп киім-кешегі - форма мен спорт киімі, тегін тамақ қарастырылған. Аудандар мен ауылдардан келген балаларға тегін жатақхана беріледі.

Құжат қабылдау комиссиясы 26 ақпанға дейін жұмыс істейді. Жерлестеріміз балаларының құжаттарын дүйсенбі-жұма күндері 9.00-ден 18.00-ге дейін, ал сенбі күні 9.00-ден 13.00-ге дейін тапсыра алады. Үміткерлерден қажет негізгі құжаттар - баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі мен үміткердің ЖСН-і, заңды өкілдің ЖСН-і көрсетілген жеке куәлігінің көшірмесі және үміткердің 6-сыныптың бірінші жартыжылдығындағы үлгерімі мен тәртібі туралы табелінің директордың қолы және мектептің мөрімен расталған көшірмесі сұратылады. Өзге құжаттар сол жерде толтырылып, тапсырылады. Үміткердің 3x4 форматындағы сапалы цифрлық фотосы болмаса, оны комиссия мүшелері құжат қабылдау барысында жасайды.

Өтініш конкурстық іріктеуге қатысуға белгіленген мерзімнен кешіктіріп тапсырылған кезде, немесе барлық

қажетті құжаттар тапсырылмаған жағдайда конкурсқа қатысу туралы өтініш қабылданбайды.

Санитарлық талаптарды сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Зияткерлік мектептің қабылдау комиссиясына келушілер ағымын реттеу үшін онлайн брондау қызметі жүзеге асырылады. Бұл қызмет құжатты тапсыру үшін мектепке келу күні мен уақытын алдын ала белгілеуге мүмкіндік береді. Сондықтан, мектепке келер алдында ата-аналарға сайтта өздері келетін уақытты брондап алуға кеңес береміз. Брондау мектептің <https://ptr.nis.edu.kz/> сайтында «үміткерлерге» бөлімінде жүзеге асырылады.

2022 жылғы 14-15 сәуір күндері талапкерлердің кешенді тестілеуі өтеді. 7-сыныпта оқуға үміткерлер үшін конкурс екі кешенді тестілеуден тұрады: біріншісі жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді зерделеу қабілеттерін бағалау бойынша тест; екіншісі тілдік тест. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді зерделеу қабілеттерін бағалау бойынша тест мынадай бөлімдерден тұрады: 1) «Математика»; 2) «Сандық сипаттамалар» (сандарды пайдалану дағдылары мен олардың арасындағы өзара байланысты көре білу қабілетін анықтау); 3) «Жаратылыстану». Тілдік тест қазақ, орыс және ағылшын тілі пәндері бойынша тест тапсырмаларынан тұрады.

Өңіріміздегі беделді мектептердің бірінде оқығысы келетін барлық мектеп оқушыларына есігіміз ашық. Білімдеріңізді дәлелдеп, NIS оқушысы атаныңыз.

Данияр УӘЛИЕВ,

Петропавл қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің директоры.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық сайлау комиссиясының ҚАУЛЫСЫ

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Киров ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 113-1 бабына сәйкес Тайынша аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2022 жылғы 27 ақпанға Тайынша ауданында сайлау тағайындалсын:

- Киров ауылдық округі әкімінің;

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2022 жылғы 27 ақпанға тағайындалған Тайынша ауданының Киров ауылдық округі әкімінің сайлауына дайындық және оны өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілсін.

3. Осы қаулы Тайынша аудандық сайлау комиссиясының интернет-бетінде және аудандық «Тайынша таңы», «Тайыншинские вести» газеттерінде жариялансын.

Аудандық сайлау комиссиясының төрайымының орынбасары **В. Шаповалова**

Тайынша қаласы 2022 жылғы 28 қаңтар № 1/02

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық сайлау комиссиясының ҚАУЛЫСЫ

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Киров ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша сайлау округін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14 бабы 6) тармақшасы, 21 бабы 4 тармағы, 22 бабына сәйкес Тайынша аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тайынша ауданының ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша сайлау округі құрылсын:

1) Киров ауылдық округі әкімінің – Киров ауылдық округі шекарасында Киров сайлау округі;

2. Аудандық сайлау комиссиясының орналасуының мекенжайы және оның шекарасының көрсетілуімен сайлау округ туралы ақпарат Тайынша аудандық сайлау комиссиясының интернет-парақшасында және аудандық «Тайынша таңы», «Тайыншинские вести» газеттерінде жариялансын.

Аудандық сайлау комиссиясының төрайымының орынбасары **В. Шаповалова**

Тайынша қаласы 2022 жылы 28 қаңтар № 1/01

Тайынша аудандық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

2022 жылдың 28 қаңтарда Тайынша аудандық сайлау комиссиясының отырысы өтті, онда келесі мәселелер қарастырылды:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша сайлау округін құру туралы

2. 2022 жылғы 27 ақпанға тағайындалған өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округі әкімдерінің сайлауын тағайындау туралы.

3. 2022 жылғы 27 ақпанға тағайындалған өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округі әкімінің сайлауын дайындау және өткізу жөніндегі аудандық сайлау комиссиясының жұмыс жоспары туралы.

3. 2022 жылғы 27 ақпанға тағайындалған өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округі әкімінің сайлауын дайындау және өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары туралы. Басқа мәселелер де қарастырылды.

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша сәйкес қаулылар қабылданды.

Аудандық сайлау комиссиясы

Сайлау округі және оның шекаралары туралы ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 22-бабына сәйкес Тайынша аудандық сайлау комиссиясы Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы ауылдық округ әкімдерінің сайлауы бойынша сайлау округтердің және олардың шекаралары туралы хабарлайды:

| № п/п | Ауылдың атауы | Сайлау округі | Сайлау округі шекарасының сипаттамасы Тайынша ауданы |
|-------|---------------|---------------|--|
| 1 | Киров | Киров | Киров а., Мирное а., Восточное а., Трудовое а., Агроном а., Ильич а. |

Тайынша аудандық сайлау комиссиясының төрайымының орынбасары **В. Шаповалова**

Материал аудандық сайлау комиссиясымен жерлік бюджет есебінен төленді.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы аудандық сайлау комиссиясының құрамы мен орналасқан жері туралы ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 13 бабы 4 тармағына сәйкес Тайынша аудандық сайлау комиссиясы Тайынша ауданы аудандық сайлау комиссиялардың құрамдарын және оның орналасқан жерлерін хабарлайды:

| № р/с | Аумақтық сайлау комиссияның орналасқан жері | Телефондар, факс | Аудандық сайлау комиссияның құрамы |
|--|--|---------------------------------|---|
| Тайынша ауданы аудандық сайлау комиссиясы | | | |
| 1 | 151000, Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы қ., 197 «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімі аппаратының» КММ ғимараты | Код 8(71536); тел./факс 2-13-26 | Төраға – Еслямова Құлпаш Қалиқызы; Төраға орынбасары – Шаповалова Вера Васильевна; хатшы - Биньковская Виктория Викторовна; Комиссия мүшелері: фабдулина Марияш Токтарқызы, Иванова Ольга Федоровна, Кочеларова Светлана Витальевна, Сағандықов Руслан Ермуханбетұлы |

Учаскелік сайлау комиссиялардың құрамдары және орналасқан жерлері, сайлау учаскелерінің шекаралары туралы ХАБАРЛАМА

| № р/с | Сайлау учаскесінің нөмері | Учаскелік сайлау комиссияның орналасқан жері | Сайлау учаскесінің шекарасын сипаттау | Учаскелік сайлау комиссияның құрамы |
|-----------------------|---------------------------|--|--|---|
| Тайынша ауданы | | | | |
| 1 | № 433 | Киров а., Пушкин к., 73 ауылдық клуб ғимараты | Киров а., Мирное а., Восточное а., Трудовое а. | Төраға – Левандовский Владимир Станиславович; Төрағаның орынбасары – Браун Виктор Яковлевич; Комиссия хатшысы – Беспалова Антонина Иосифовна; Комиссия мүшелері: Солodka Валентина Станиславовна, Попова Елена Михайловна. |
| 2 | № 434 | Агроном а., Школьная к., 1 бастапқы ғимараты | Агроном а. | Төраға – Фабдуллин Амангелді Жартайұлы; Төрағаның орынбасары – Рахимова Зухра Карімқызы; Комиссия хатшысы – Коштей Ирина Николаевна; Комиссия мүшелері: Бучинская Татьяна Богдановна, Литвин Татьяна Сергеевна. |
| 3 | № 435 | Ильич а., Карла Маркс к., 6/2 орта мектеп ғимараты | Ильич а. | Төраға – Жагипаров Аширбек Ақылбекұлы; Төрағаның орынбасары – Губанова Наталья Николаевна; Комиссия хатшысы – Канафина Жибек Зайроллақызы; Комиссия мүшелері: Кенжегарина Айнур Ризахметқызы, Маслова Мария Антоновна. |

Тайынша аудандық сайлау комиссиясының төрайымының орынбасары **В. Шаповалова.**

Тайынша аудандық сайлау комиссиясының 2022 жылғы 28 қаңтардағы № 1/02 қаулысына қосымша

2022 жылдың 28 ақпанға тағайындалған Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округі әкімінің сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ

- Ауылдық округтердің әкімдерін (бұдан әрі – әкімдерді) сайлауды тағайындау
Тайынша аудандық сайлау комиссиясы
2022 жылғы 28 қаңтар (113-1-б. 2, 3-т.)
- Сайлау округтерінің тізімін, олардың шекаралары мен аудандық сайлау комиссиясының орналасқан жерлерін көрсете отырып, тиісті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Тайынша аудандық сайлау комиссиясы
Сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен кешіктірмей
2022 жылғы 7 ақпаннан кешіктірмей (22-б.)
- Аудандық сайлау комиссиясының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Тайынша аудандық сайлау комиссиясы
Сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен кешіктірмей
2022 жылғы 7 ақпаннан кешіктірмей (13-б. 4-т.)
- Учаскелік сайлау комиссияларының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Тайынша аудандық сайлау комиссиясы
Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күннен кешіктірмей
2022 жылғы 12 ақпаннан кешіктірмей (17-б. 2-т.)
- Сайлау учаскелерінің шекаралары туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Тайынша ауданының әкімі
Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күндік мерзімде
2022 жылғы 12 ақпаннан кешіктірмей (23-б. 5-т.)
- Әкімдікке кандидаттар ұсыну Белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялар және өзін-өзі ұсыну тәртібімен азаматтар
Егер сайлауды тағайындау кезінде өзгеше белгіленбесе, сайлау тағайындалған күннен кейінгі күннен басталады және сайлау өткізілетін күнге он бес күн қалғанда жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады
2022 жылғы 29 қаңтардан басталады және 2022 жылғы 11 ақпанда жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады (113-3-б. 1-т.)
- Әкімдікке кандидаттардың «Қазақстан Респуб-ликасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында (бұдан әрі – Сайлау туралы Конституциялық Заң), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау
Тайынша аудандық сайлау комиссиясы (4-б., 113-5-б., 11-т. 2-т.)
- Әкімдікке кандидаттардың сенім білдірген адамдарын тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру
Тайынша аудандық сайлау комиссиясы
Әкімдікке кандидаттың Сайлау туралы Конституциялық заңда көзделген талаптарға сәйкестігі анықталған күннен бастап (14-б. 8-1) т., 31-б.)
- Әкімдікке кандидаттарға өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған, қолдап қол жинау үшін қол қою парақтарын беру
Тайынша аудандық сайлау комиссиясы
Кандидаттың Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада көзделген талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін **үш күндік мерзімде** (113-4-б.)
- Әкімдікке кандидаттарды қолдап жиналған қолдардың дұрыстығын тексеру және тиісті хаттаманы ресімдеу
Тайынша аудандық сайлау комиссиясы паспорт қызметтерінің қызметкерлерін тарта отырып
Қол қою парақтары аудандық сайлау комиссиясына тапсырылғаннан кейін үш күндік мерзімде (113-4-б. 7-т.)
- Жергілікті атқарушы органдардың шотына республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төменгі жалақының бір еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізу
Әкімдікке кандидаттар, саяси партиялар (әрбір ұсынылған кандидат үшін)
Кандидат тіркелгенге дейін (113-5-б. 2-т.)
- Тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына ұсыну мерзімі басталған айдың бірінші күніне активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды ұсыну
Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы)
Кандидат тіркелгенге дейін (113-5-б. 3-т.)
- Кандидат және оның жұбайы (зайыбы) декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру
Мемлекеттік кіріс органдары
Кандидат тіркелген күннен бастап бес күн ішінде (113-5-б. 4-т.)
- Әкімдікке кандидаттарды тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру
Тайынша аудандық сайлау комиссиясы
Барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін басталады және сайлау күнінен он күн бұрын жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады

- 2022 жылғы 29 қаңтардан басталады және 2022 жылғы 16 ақпанда жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады (113-5-б.)
- Әкімдікке кандидаттарды тіркеу туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Тайынша аудандық сайлау комиссиясы
Кандидаттар тіркелгеннен кейін бесінші күннен кешіктірмей (113-5-б. 9-т.)
- Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және оларды жарақтандыру
Тайынша ауданының әкімі және Тайынша аудандық сайлау комиссиясы
Үгіт басталғанға дейін (28-б. 6-т.)
- Сайлау алдындағы үгітті жүргізу
Кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталады және сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады
2022 жылғы 16 ақпанда жергілікті уақытпен сағат он сегізден кейін басталады және 2022 жылғы 26 ақпанда жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады (27-б. 2-т.)
- Әкімдікке кандидаттарға сайлаушылармен кездесулері үшін ұй-жайлар беру, кандидаттар мен олардың сенім білдірген адамдарының бөлінген үй-жайларда сайлаушылармен кездесу кестесін жасау және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Тайынша ауданының әкімі және Тайынша аудандық сайлау комиссиясы
Сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезеңінде (28-б. 4-т.)
- Әрбір сайлау учаскесі бойынша әкім қол қойған сайлаушылардың тізімдерін сайлау комиссиясына акт бойынша ұсыну
Тайынша ауданының әкімі
Дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын
2022 жылғы 6 ақпаннан кешіктірмей (24-б. 5-т.)
- Сайлау учаскелері бойынша сайлаушылардың тізімдерін танысу үшін сайлаушыларға ұсыну
Учаскелік сайлау комиссиялары
Дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда
2022 жылғы 11 ақпаннан кешіктірмей (26-б. 1-т.)
- Сайлаушыларды дауыс беру күні, уақыты және орны туралы хабардар ету
Учаскелік сайлау комиссиялары
Дауыс беру өткізілетін күнге дейінгі он күннен кешіктірмей
2022 жылғы 16 ақпаннан кешіктірмей (18-б. 5) т., 38-б. 2-т.)
- Дауыс беруге арналған сайлау бюллетень дерін учаскелік сайлау комиссияларына жеткізу
Тайынша аудандық сайлау комиссиясы
Ерте дегенде үш күн бұрын және сайлаудан кемінде бір күн бұрын
2022 жылғы 24 ақпаннан бұрын емес және 2022 жылғы 26 ақпаннан кешіктірмей (37-б. 3-т.)
- Дауыс беруге арналған сайлау учаскелерін ашу және тиісті хаттама жасау
Учаскелік сайлау комиссиялары
Дауыс берудің басталуына бір сағат қалғанда
2022 жылғы 27 ақпанда жергілікті уақытпен сағат 06.00-да (40-б. 1-т.)
- Дауыс беруді өткізу
Учаскелік сайлау комиссиялары
Сайлау күні жергілікті уақытпен сағат 07.00-ден 20.00-ға дейін
2022 жылғы 27 ақпанда жергілікті уақытпен сағат 07.00-ден 20.00-ға дейін (38-б. 1-т.)
- Дауыстарды санау және сайлау учаскесінде әкім сайлауы бойынша дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалар жасау
Учаскелік сайлау комиссиялары
2022 жылғы 27 ақпанда жергілікті уақытпен сағат 20.00-да басталады (18-б. 8) т., 43-б.)
- Дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесін сайлау учаскесінің үй-жайында жалпыұрттық танысуы үшін арнайы белгіленген орынға ілу
Учаскелік сайлау комиссиялары
Хаттамаларға қол қойылғаннан кейін – **дереу** (43-б. 8-т.)
- Сайлау учаскелерінде дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды Аққайың аудандық сайлау комиссияларына ұсыну
Учаскелік сайлау комиссиялары
Хаттамаға қол қойылғаннан кейін – **дереу** (113-8-б. 1-т.)
- Әкім сайлауының қорытындыларын белгілеу
Тайынша аудандық сайлау комиссиясы
Сайлаудан кейін үш күн мерзімнен кешіктірмей
2022 жылғы 2 наурыздан кешіктірмей (113-10-б.)
- Әкімдерді сайлау қорытындылары туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Тайынша аудандық сайлау комиссиясы
Сайлау өткізілген күннен бастап төрт күннен кешіктірмей
2022 жылғы 2 наурыздан кешіктірмей (44-б.)
- Сайланған әкімдерді тіркеу, тиісті куәліктер беру
Тайынша аудандық сайлау комиссиясы
Сайлау өткізілген күннен бастап жеті күн мерзімде
Сайланған әкімдерден жеті күн мерзім ішінде Конституцияға және Сайлау туралы Конституциялық заңға сәйкес әкім мәртебесімен сыйыспайтын міндеттерді доғаратыны туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін
2022 жылғы 5 наурыздан кешіктірмей (45-б., 46-б. 3-т., 113-11-б. 1-т.)

Ескертпе: Күнтізбелік жоспардың мәтінінде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының нормаларына сілтемелер берілді.

* Аудандық мәслихат

ТАЙЫНША АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІН ІРІКТЕУ БОЙЫНША БАЙҚАУДЫ ЖҮРГІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Тайынша ауданы Қоғамдық кеңесінің Қоғамдық кеңес өкілеттілігінің мерзімі аяқталғанына байланысты Тайынша ауданының Қоғамдық кеңесінің жаңа құрамын қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурс жарияланады.

Жұмыс тобының құрамы 7 адам санында белгіленді. Мемлекеттік органдар жұмыс тобының құрамындағы өкілдік жұмыс тобы мүшелерінің жалпы санының үштен бірінен аспауы тиіс. Аталған өкілдіктің дербес құрамын мемлекеттік орган басшысының өзі айқындайды.

Азаматтық қоғамнан жұмыс тобының құрамындағы өкілдік жұмыс тобы мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісін құрайды және коммерциялық емес ұйымдармен азаматтардың ұсыныстары негізінде қалыптастырылады.

Конкурс өткізу мерзімі конкурс туралы хабарландыру жарияланғаннан кейін он жұмыс күнін құрайды.

Қонкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері жұмыс тобының мүшелерін іріктеу жөнінде конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
 - 2) жұмыс тобының мүшесіне кандидатура (болған жағдайда) ұсыну туралы коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысы;
 - 3) кандидаттың кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер;
 - 4) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі.
- Өтінішті 151000, Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша ауданы, Тайынша қаласы, Центральный бұрылысы, 3А пошта мекен-жайына немесе maslihat-tayynsha@sqa.gov.kz электронды поштаға жолдау қажет.
- Анықтама үшін телефондар: 8(71536) 23072, 23485.

Қосымша

Кімге _____
(жергілікті өкілді органның атауы)

тұратын
(елді мекен, көше, үй, пәтер)
кімнен _____

(өтініш берушінің аты, жөні, тегі
(бар болған жағдайда),
жеке куәлік № _____,
берілді (қашан, кім))

Өтініш

Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамына енгізу үшін өз кандидатурамды ұсынамын _____

Мен осы өтініш арқылы «Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының ережелерімен танысқанымды растаймын және оның талаптарын сақтауға міндеттенемін.

Мынадай құжаттарды қоса беремін:

- 1) _____
 - 2) _____
 - 3) _____
 - 4) _____
 - 5) _____
 - 6) _____
 - 7) _____
- 20__ ж. «__» _____ Өтініш берушінің қолы _____

БАҚЫЛАУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША ТАҢДАУДЫ ЖҮРГІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Тайынша ауданының Қоғамдық кеңесінің жаңа құрамын қалыптастыру үшін жұмыс тобының мүшелерін сайлау бойынша конкурсты ұйымдастыруға байланысты байқаушылардың тізімі іріктелді.

Жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурсты ұйымдастыруға байқаушылар таңдау үшін құжаттарды қабылдау мерзімі осы хабарландыру жарияланған күнінен бастап бес жұмыс күнін құрайды.

Жұмыс тобының отырысына байқаушы ретінде қатысу үшін байқаушы болуға ниет білдірген адам қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қоғамдық кеңесті құру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурсқа байқаушы ретінде қатысу үшін өтінішті ұсынады.

Өтінішті 151000, Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша ауданы, Тайынша қаласы, Центральный бұрылысы, 3 А пошта мекен-жайына немесе maslihat-tayynsha@sqa.gov.kz электронды поштаға жолдау қажет.

Анықтама үшін телефондар: 8(71536) 23072, 23485. Аудандық мәслихат

Қосымша

Кімге _____
(жергілікті өкілді органның атауы)

тұратын
(елді мекен, көше, үй, пәтер)
кімнен _____

(өтініш берушінің аты, жөні, тегі
(бар болған жағдайда),
жеке куәлік № _____,
берілді (қашан, кім))

Өтініш

Қоғамдық кеңесті құру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурсқа байқаушы ретінде өз кандидатурамды ұсынамын _____


Мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) _____
 - 2) _____
 - 3) _____
 - 4) _____
 - 5) _____
 - 6) _____
 - 7) _____
- 20__ ж. «__» _____ Өтініш берушінің қолы _____

* САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ

СЕН ЕРТЕ КЕТКЕН ӨМІР

Бір жылдың түлегі, бір ауылдың тумасы Зарлық Шәйкенұлы Мұхамедияровтың рухына арнаймын.
Тірі болса биылғы жылдың 13 ақпаны күні 70 жасқа толар еді.



Ұмытты деймісің?!

Әлде ұмытып кетті деп жүр ме екенсің?! Қайдан ұмытайын! Адам өзінің өткен өмірін ұмыта алар ма екен?! Сол өткен өмірің өзіңнің балалық шағың болса ше?! Сен жайында үндемей келгендігіміздің сырын өзім ғана, өз жүрегім ғана біледі. Енді айтайын соны. Сен жүрек түпкірінде жатқан сансыз жарамның бірі едің ғой. Онсыз да жарасы көп сол жаралы жүрегімді қайра бір тырнап, қансырап қалмайын деп осы бір уақытқа дейін үндемей келдім. Өткендерге дұға қылған сайын «Е, Алла Шәйкенұлы Зарлыққа да иман байлығын бере көр!» деп құлшылығымнан қалдырып жүрген жоқпын.

Әрине... иә, әрине өкінішті! Сенің ертеректеу сөнген өміріңнің, ертеректеу сөнген жанарыңның кей сәттері есіме түскен сайын мына жалған дүниенің жағасында тұрып, ойға берілетінім де бар. Сол ой толқындары жарға соққан сайын сенің қашан болсын жадырап та, жарқырап, өз ортаң мен айналанды әзіл мен күлкіге бөлеп отырап әзиз бейнеңнің көз алдыма келіп тұрып алатыны да бір өзіме аян жай.

Еске түсер жайлар да аз емес. Күрсіндірер жайлар да аз емес. Біз бір-бірімізге ғана үнсіз еркелегендей болатын едік. Өйткені, еркелей қоярлықтай және де еркелете қоятындай біз екеуімізде туған ана да болмады ғой. Сол туған ананың аялы алақанын да, саялы жанының жылылығын да сезбей өскен біздер дегеніңіз мына өмірдің тау-тау толқындары мен арынды ағыстарына қарсы жүзген едік.

Сол өмір мұхитына жұтылып кетпейік, жағаға шығып қалмайық деген оймен біз де жағаласып бақтық. Орта мектепте оқыдық, сен онан соң Қотыркөлдегі техникумды бітіріп, сол кездегі Көкшетау облысының Красноармеец ауданындағы «Тернов» совхозының бір бөлімшесінің мал дәрігері болып орналастың, еңбек еттің, үйлендің. Солай да солай, ептеп-ептеп біз де жетіле бастадық.

Еске түсер жайлар аз емес... Сен Қотыркөлдегі техникумдағы оқуыңның бірінші жылын бітіріп, жаз айында ауылға келгеніңде, көрші үйдің шалы: – Сен мал дәрігерлік оқу оқып жүрген көрінесің ғой. Ана қорада бір қойдың аяғынан ақсап жүре алмай жатқанына біраз болды, соны емдеп берсеңші, – дегені бар еді.

Сол сәтте сен өзіңе тән әзілге басып: –Ата, біз әлі бірінші курста ғана оқып жүрміз ғой! Бірінші курста тек малдың басын ғана оқытады екен. Аяғын соңғы курста оқитын боламыз, – деп жауап бергеніңді естіп бүкіл ауыл болып маз-мәйрәм болғаны да есте. Және де тұла бойыңда қаншалықты әзіл жатса да, қос жанарыңнан әйтеуір бір мұң кетпейтін. Біресе күліп, біресе мұңайып өтер өмірдің өтіндегі өтпелі кезіңің саған ертеректеу, тым ертеректеу жеткенін де қайтерсің?!.

Бір күні кешке таман үйге телефон шалып: – Әй, мен өлетін шығармын! Мені бүгін түстен кейін Көкшетаудағы онкологияға әкеліп салды ғой, – дедің баяғы өзіңе тән жайдары көңіліңнің сол баяғы әзіліне басып.

– Қой, не деп тұрсың?, – дедім сеніңкіремей.
– Рас айтамын, мен онкологияға келіп жаттым, – дедің манағы әзіліңнен айнып, біртүрлі көңілсіздеу үнмен.
– Қой, жай бір дерт болар! Таң атқан соң ауруханаға соғамын, – дедім.

Ой сан-саққа жүгірді. Алайда, адам баласына ажал бар екендігіне жүре сенетін кезіміз еді ғой. Бірақ та бәрі де бұлай және бәрі де тез болатындығын, сенің де мына жарық дүниеден жарқ етіп өте шығарыңды білдік пе екен?!

Сол кезде Көкшетау қаласындағы облыстық онкология ауруханасының бас дәрігері Өмірбек аға Бәйкеновке келіп, жағдайды айтып едім, алдына келген әр адамның жанына жылылық сеуіп сөйлейтін ғадетімен: – Ол жігіт кімің болушы еді? – деп сұрады.

– Бала кезімізден тай құлындай тебісіп, бірге өскен, он жыл бойы бірге оқыған досым еді, – дедім.

Өмірбек ағам сәл ойланып барып: – Саған ашығын айтайын, сырқаты бапсыз. Бізге кеш келіп отыр. Асқынып кеткен екен, – деді де мені жұбатуға көшті.

– Қатты уайымдама, қолдан келгеннің бәрін де жасаймыз ғой. Қазір дәрігерлерге де тапсырып қоямын, – деп жатты.

Сен ерте кеткен өмір болды бұл! Небәрі қырық үш жасыңда, 1985 жылдың 29 желтоқсан күні мына жарық дүниені қиып кете бардың. Соңыңнан жарың Ұлмекен, қос ботаң Гүлзира бен Дана, жаныңнан бір елі қалдырмайтын аяулы қарындасың Барқыт, бүр үйлі бауырларың, әкең Шәйкен қалды зар илеп. Елің қалды, біз қалдық күрсініп. «Орнында бар оңалар» деп жатамыз ғой! Тегі сол ра та болар. Қазір үлкен қызың Гүлзира мен күйеу бала Жасұлан екеуі Алуа, Әнуар, Амиара атты, ал екінші қызың Дана мен Марат екеуі Мелек атты жиендеріңді өсіріп, бір-бір шаңыраққа ие болып отыр, Сенің ғұмырың енді осы ұрпақтарыңмен жалғасты болсын!

Жаратқанның ісі болды бұл десек те, ажал тым қатал болды сен үшін. Техникум бітіріп, бірдей бір шаруашылықтың мал дәрігері ретінде еңбек жолыңды бастап, үйленіп, ұрпақты болып, алда өмір бар бар, келешек бар деп Алматыдағы мал дәрігерлік институтына оқуға түсіп, еңсегіңді енді көтере бастаған шағыңда бойыңа айықпас сырқат жабысып, сол сені де қиып түсті.

Сен ертерек кеткен өмірдің көз жасын құрғата алмай қайран да қайран әкең Шәйкеннің бізді көрген сайын бас салып құшақтап, өксіп-өксіп жылайтынын да ұмыта алар емеспін. Тап сені бауырына басқандай болып, «Зарлығымның достары ғой!» деп бізді ұзақ босатпаушы еді жарықтық. Қайран сол әке де сенің зарыңмен, сенің қайғыңмен зар илеп, ол да өтті дүниеден.

Уақыт емші деп жатамыз. Алайда, сол емші уақытыңның өзі жан жарасы мен жүрек жарасын толық емдей алмасы да бар. Ол қалай емдей алсын?! Жаныңды жүдетіп, көңіліңді құлазытып кетер ажал барда адам жанының жарасы жазыла да қояр ма екен?! Сол жазылмаған жара болып сен де менің жанымда, ойым мен санамда жүресің әрдайым.

Сен ерте кеткен өмір болды бұл!

Жабал ЕРҒАЛИЕВ,

жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Парламенттегі Сенаторлар кеңесінің мүшесі. Тайынша ауданы.



Үй сатамын.
Үйдің жағдайы жақсы.
Ауласы кең,
үйде барлық жағдай жасалған.
Бөлмелері кең, жарық, биік.
Сатылатын баға келісімді.
Байланыс телефоны 87078352668
Продам дом, 5 комнат, санузел,
большой двор, есть цокольный
этаж, торг имеется,
Куншыгыс 121, все вопросы
по номеру 8 707 835 26 68.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 44 Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Астана көшесі, 165-үй. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ: 8 (715-36) 2-36-96

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.